

**EXHIBITION OF FASHION, ВЫСТАВКА МОДЫ,
SHOES, LEATHER AND FUR ОБУВИ, КОЖИ И МЕХА**

el ELITELINE

CAF
CENTRAL ASIA FASHION

30 июля **July** - **1** августа **August** **2023**



**ALMATY,
KAZAKHSTAN**

Организатор / Organizer
catExpo

+77770143618
16+ www.catexpo.kz

Алматыда Central Asia Fashion 32-ші халықаралық сән көрмесі аяқталды

Орталық Азия аймағындағы ең ірі кәсіби Central Asia Fashion Autumn-2023 көрмелері, сондай-ақ Elite Line халықаралық аяқ киім, тері, былғары және аксессуарлар көрмесі әлемнің 10 елінен сатып алу жөніндегі мамандарды, өндірушілерді, дизайнерлерді және сән индустриясының басқа да ойыншыларының басын қосты. Бизнес сессияның үш күнінде 156 қатысушының стендтерін фэшн индустриясының 7100 кәсіпқойлары тамашалады. Олардың қатарында Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Тәжікстан, Түркіменстан және басқа да елдердің байерлері мен fashion ритейлінің өкілдері бар. Әр маусымда келушілер саны бойынша сөзсіз көш бастап келе жатқан Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан елдері де осы маусымда да алдыңғы орында болды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл елдерде кәсіби сатып алу жөніндегі мамандардың қызығушылығы мен жалпы саны тұрақты өсіп келеді, ал бұл fashion ритейл нарығының белсенді дамуының белгісі.



Ресми ашылу салтанатына Түркия, Ұлыбритания, Ресей, Өзбекстаннан келген құрметті қонақтар, соның ішінде Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Али Рыза Акынжы, «ІНКІВ» Ыстамбұл тоқыма және шикізат экспорттаушылар қауымдастығының вице-президенті Мұстафа Пашахан, «Узчармсаноат» қауымдастығы төрағасының орынбасары Фарход Нұрмұхамедов, International Fur Federation қаржы және жаһандық шараларға қатысу жөніндегі директоры Киран Махмуд, "Ресей үлпек-ұлпан одағының" КЕО (РҰҒО) президенті Сергей Столбов қатысты.

«Istanbul Apparel Exporters Association» (ІНКІВ), KSIAD тері өнеркәсібі және кәсіпкерлер қауымдастығы, Ресей фешен-индустриясы қатысушыларының қауымдастығы (РФИҚ), Воронеж облысының экспортты қолдау орталығы, Ресейдің Ұлттық аяқ киім одағы (ҰАКО), «Узчармсаноат» қауымдастығы, сондай-ақ International Fur Federation (IFF) Халықаралық тері федерациясы сынды сән индустриясының ұлттық бейіндік қауымдастықтар-

дың стратегиялық қолдауының арқасында кәсіби сатып алушыларға Италия, Германия, Франция, Түркия, Ресей және Қытайдан 2023/24 күз-қыс маусымының топтамаларын ұсыну мүмкін бола түсті.

ІНКІВ Ыстамбұл тоқыма және шикізат экспорттаушылар қауымдастығының вице-президенті Мұстафа Пашахан Қазақстандағы түрік брендтерінің қатысуын арттыру бойынша деректерімен және жоспарларымен бөлісті: мысалы, 2015 жылы САҒ бизнес сессиясына Түркияның 10 өндіруші қатысқан болса, ал 2023 жылдың күзгі маусымында 76 fashion-компаниясы қатысты.



«Біздің экспортта Қазақстанмен сауда маңызды орын алады. Өткен жылы Қазақстанға 250 миллион доллардың тауарын экспорттадық. Биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында өткен жылмен салыстырғанда экспорттың мөлшері 80 пайызға артты. Алты айда 193 миллион долларға жеттік. Оның ішінде Қазақстанға әкелінетін дайын киімдердің 25 пайызға жуығы Түркиядан келеді. Алдағы жылдары бұл көрсеткішті арттыра аламыз деп сенеміз. Біз аймақтағы ең маңызды САҒ көрмесіне үлкен мән береміз», - деді Мұстафа Пашахан.

Қазақстандық экспо-бизнес жобалары көршілес елдердің өндірушілерінің қызығушылығын арттыруда: мысалы, Қытай мен Өзбекстанның брендтері биылғы маусымда кеңінен ұсынылды. Стендтердегі өндірушілердің айтуынша: Қазақстан экспорт бойынша алғашқы орындардың бірін алады.



Өзбекстаннан келген «Узчармсаноат» қауымдастығы төрағасының орынбасары Фарход Нурмухамедов көрмеге «Узчармсаноат» қауымдастығының 13 кәсіпорны қатысып жатқанын атап өтті. Өткен жылы Өзбекстан 460 миллион доллардан астам сомаға экспорт жасады. Ал Қазақстан бұл тізімде алғашқы орындардың бірін иеленуде, мәселен, экспорт бойынша өткен жылы Қытай мен Ресейден кейін Қазақстан 16,5%-дық үлеспен үшінші орынға жайғасты. Міне, сол себепті, мұндай ірі шараға қатысу – біздің кәсіпорындар мен өндірушілер үшін үлкен мүмкіндік».



«Expo/ Business/ show» - Central Asia Fashion Халықаралық сән көрмесінің үш негізгі бөлігі жазғы маусымның жеңілдігіне қарамастан, байерлермен жасалған мәмілелердің, келісім-шарттардың және сатып алулардың барынша көп көрсеткішінде көрініс тапты. Сән брендтерінің жарқын және коммерциялық табысты үлгілері подиумнан түспестен тапсырыстар жинап жатты. Көрменің барлық үш күнінде 50-ге жуық брендтің жаңа өнімдері кәсіби модельдердің ұсынуымен үздіксіз көрсетілді.



«Осы маусымда бір тиын қалдырмай, бәрін алдын ала тапсырысқа жібердім. Жаңа маусымның бюджеті тез және сенімді түрде жасалды, мен 10 жылдан астам осы көрменің клиенті болып келемін және әр жолы жаңа қырынан танудамын», - дейді шымкенттік сатып алушы Динара Иманалиева.

Биылғы маусымда өткен төртінші Халықаралық аяқ киім, тері, былғары және аксессуарлардың Elite Line көрмесі де ерекше назар аударуға тұрарлық. Жоба өзінің тиімділігін көрсетіп, қарқын алуда, бұл халықаралық қатысушылар мен серіктестердің қызығушылығымен расталуда. Бұған қоса, іс-шараға шетелдік қатысушылармен қатар, қазақстандық көрмеге алғаш рет Лондоннан келген бизнес-делегаттар: әлемге әйгілі International Fur Federation (IFF) Халықаралық Тері Федерациясының өкілдері келді.

IFF қаржы және жаһандық іс шараларға қатысу жөніндегі директоры Киран Махмуд: *"Біз үздік тәжірибелерді, этикалық стандарттарды және тұрақты өсуді ілгерілету үшін тері өнеркәсібінің негізгі ойыншыларымен үнемі ынтымақтасуға тырысамыз. Қазақстанның тері нарығындағы белсенді рөлі біздің көзқарасымызға сәйкес келеді және біз елдің тері саласының мүдделі тараптарымен әріптестікті нығайтуды асыға күтеміз", - деп қорытындылады.*



Аяқ киім мен аксессуарлар өндірушілері де аймаққа қызығушылық танытуда. Мәселен, осы маусымда алғаш рет көптеген байерлер мен fashion саласының мамандары арасында кеңінен танымал Euro Shoes мамандандырылған экспо жобасы қазақстандық Elite Line көрмесінің серіктесі болды.

Сала мамандарының айтуынша сала бірлестік пен ортақ шешімдерді талап етеді.

«Біз әлемнің жылдам өзгеріп жатқанын көріп отырмыз. Әрине, біз бұл өзгерістерге де тез бейімделуге тырысамыз. Сондықтан жалпы саланың одан әрі дамуына тек бірлесе үлес қоса алатынымызды көріп отырмыз. Қазақстандағы көрмеге екінші рет келіп отырғанымыз қуантады. Біздің ойымызша, бұл әлемдегі барлық аймақтық экспо-жобалардың ішіндегі ең жылдам дамып келе жатқан, прогрессивті, кәсіби және ұзақ тарихы бар көрме», - деді Ресей Ұлттық аяқ киім одағының (NOBS) бас директоры және Euro Shoes premiere collection халықаралық аяқ киім көрмесінің негізін қалаушысы Ян Беляев.

Ұйымдастырушылар өз мақсаттарына қол жеткізді: көрмеге қатысушылардың барлығы дерлік байерлермен келісім-шартқа отырды және кейбір тауарларға сұраныстың артқанын атап өтті.

Көрме жайлы:

Central Asia Fashion халықаралық сән көрмесі Алматыда 2006 жылдан бері жылына екі рет өткізіліп келеді. CAF - бұл киім өндірушісі тұлғасындағы сенімді серіктес табу, топтамаларды жеткізуге тапсырыс беру, дистрибьюторды табу, сонымен қатар кәсіби даму үшін барлық жағдай жасалған платформа. Шараға бүкіл Орталық Азия аймағынан және ТМД елдерінен fashion индустриясының мамандары қатысады. Көптеген қатысушылардың стендтерінде топтамаларға алдын ала тапсырыстар мен сатып алулар жүзеге асырылады, подиумда сатып алушылар мен дизайнерлердің сән көрсетілімдері өтеді, бизнес аймақта панельдік пікірталастар, аналитикалық сессиялар және тақырыптық семинарлар өткізілетін мамандандырылған бизнес-

конференциялар өтеді. Expo-business-show көрмесінің барлық үш негізгі элементі мәмілелер жасауға және бизнес-процестерді белсенді жүргізуге бағытталған.

Көрменің негізгі бөлімдерінде 40-тан астам өнім топтары ұсынылған. Байерлер мен қатысушылардың тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін ұйымдастырушы, CATEXPO көрме компаниясы арнайы байерлік бағдарламаны – Hosted Buyers Program жүргізеді, соның арқасында Орталық Азияның барлық аймақтарынан сатып алушылар CAF-қа қаржылық жүктемесіз келе алады.



33 СӘН КӨРМЕСІ
ВЫСТАВКА МОДЫ
SPRING-2024

CAF
CENTRAL ASIA FASHION

11-13 наурыз
марта 2024

catexpo WWW.FASHIONEXPO.KZ

CAF Spring-2024 көктемгі көрме салоны 2024 жылдың 11-13 наурыз аралығында өтеді. Көрме өтетін орын – Алматы қаласы, Атакент ҚІБЮ, 11 павильон.

Сіз Central Asia Fashion және Elite Line бағдарламаларымен ресми көрме fashionexpo.kz және www.eliteline.kz сайттарынан таныса аласыз.